

# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2025 жылғы 19-25 маусым

Респонденттер саны: 16

(AERC, Alatau City Bank Analytics, BCC Invest, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC, Азия Даму Банкі, АКРА, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Синара инвестициялық банкі, Эксперт РА)

**Сауалнама нәтижелері** (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
<b>Brent маркалы мұнай бағасы</b> бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	80,7	<b>68,9</b> (69,3)	<b>69,0</b> (66,0)	<b>68,5</b> (66,2)
<b>ЖІӨ өсімі</b> %, ж/ж	4,8	<b>5,1</b> (5,0)	<b>4,6</b> (4,5)	<b>4,5</b> (4,3)
<b>ТБИ</b> %, желт. өткен жылғы желт.	8,6	<b>11,0</b> (10,7)	<b>9,0</b> (9,4)	<b>7,0</b> (6,8)
<b>Базалық мөлшерлеме</b> жылдық %, жыл соңына	15,3	<b>16,5</b> (16,3)	<b>14,0</b> (14,5)	<b>11,8</b> (12,0)
<b>Тауарлар мен қызметтер экспорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	91,9	<b>92,0</b> (91,1)	<b>89,4</b> (90,6)	<b>92,6</b> (92,6)
<b>Тауарлар мен қызметтер импорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	74,2	<b>75,1</b> (75,1)	<b>76,6</b> (76,1)	<b>77,2</b> (77,2)
<b>USD/KZT бағамы</b> жылына орта есеппен	469,0	<b>515,1</b> (513,9)	<b>538,0</b> (540,0)	<b>555,8</b> (550,0)
<b>Бейтарап базалық мөлшерлеме*</b> Жылдық %		<b>9,0</b> (9,0)		
<b>ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі**</b> %, ж/ж		<b>4,4</b> (4,2)		

**МҰНАЙ БАҒАСЫ.** 2025 жылға арналған мұнай бағасына қатысты сценарий шарттары сәл төмендеп, баррель үшін **68,9** АҚШ долларына дейін қайта қаралды, ал 2026 және 2027 жылдарға – тиісінше баррель үшін **69** және **68,5** АҚШ долларына дейін өсу жағына қарай қайта қаралды.

**ЖІӨ.** Қазақстан экономикасының өсіміне қатысты болжамдар барлық болжамды кезеңде біршама өсті. Осылайша, 2025 жылы – ЖІӨ өсімі **5,1%**, 2026 жылы – **4,6%**, 2027 жылы – **4,5%** деңгейінде күтіледі.

**ТБИ.** 2025 жылға арналған инфляция болжамдарының медианасы 10,7%-дан **11%**-ға дейін өсті, 2026 жылға – 9,4%-дан **9%**-ға дейін төмендеді, ал 2027 жылға – 6,8%-дан **7%**-ға дейін өсті.

\* Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

\*\* Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

**БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Респонденттер базалық мөлшерлеме 2025 жылдың соңына дейін қазіргі деңгейде сақталады деп күтеді – медиана 16,3%-дан **16,5%**-ға дейін өсті. 2026 және 2027 жылдарға жасалған болжамдар тиісінше 14,5%-дан **14%**-ға және 12%-дан **11,8%**-ға дейін төмендеді.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ.** Тауарлар мен қызметтер экспортының көлеміне қатысты респонденттердің болжамы айтарлықтай өзгерген жоқ. 2025 жылға болжам – **92** млрд АҚШ доллары деңгейінде (бұрын – 91,1 млрд АҚШ доллары), 2026 жылға – **89,4** млрд АҚШ долларына (90,6 млрд АҚШ доллары), 2027 жылға – **92,6** млрд АҚШ долларына теңесті.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ.** Тауарлар мен қызметтер импортының көлеміне қатысты респонденттердің болжамы аса өзгере қоймады. Барлық болжамды кезеңде **75-77** млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасты.

**USD/KZT БАҒАМЫ.** Сарапшылардың USD/KZT бағамы бойынша күтулері айтарлықтай өзгерген жоқ. 2025 жылы USD/KZT бағамы жылына орта есеппен **515,1** теңге деңгейінде, 2026 жылы – **538** теңге деңгейінде, 2027 жылы – **555,8** теңге деңгейінде күтілуде.

**БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеме бұрынғыдай **9%** деңгейінде сақталып отыр.

**ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ.** Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші 4,2%-дан **4,4%**-ға дейін біршама өсті.

Көптеген макрокөрсеткіштер бойынша **болжам диапазоны** барлық болжамды кезең бойында әлі де кең ауқымда сақталып отыр. Ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. Бұл сарапшылардың ішкі және әлемдік экономиканың жақын аралықта және ортамерзімді даму келешегіне қатысты белгісіздігін көрсетеді.